

**"Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 16 маусымдағы № 353 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 4 маусымдағы № 320 қаулысы. Күші жойылды – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 наурыздағы № 142 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 26.03.2019 № 142 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 16 маусымдағы № 353 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 36, 209-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі туралы ережеде:

16-тармақта:

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"17) өз құзыреті шегінде телерадио хабарларын тарату саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік техникалық актілерді, оның ішінде телерадио хабарларын тарату қызметтерін көрсету қағидаларын бекіту;"

28) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"28) мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының электрондық архивін қалыптастыру қағидаларын бекіту;"

32-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"32-1) бюджеттік жоспарлау саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша республикалық бюджет есебінен бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту;"

мынадай мазмұндағы 32-3), 32-4), 32-5) және 32-6) тармақшалармен толықтырылсын:

"32-3) бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлға (бөлімше) туралы үлгілік ережені бекіту;

32-4) бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлғаның (бөлімшенің) уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту;

32-5) белгілі бір аумақта халықтың тіршілік ету жағдайлары бұзылған кезде бұқаралық ақпарат құралдарына ресми хабарларды беру қағидаларын бекіту;

32-6) цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға көшу тәртібі мен мерзімдерін айқындау;"

39) және 40) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"39) өз құзыреті шегінде байланыс саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, оның ішінде радиоэлектрондық құралдарды, жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану, оларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу қағидаларын және байланыс қызметтерін көрсету қағидаларын бекіту;

40) радиоәуесқойлық қызметтердің радиоэлектрондық құралдарын пайдалану қағидаларын бекіту;"

61) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 88-1) тармақшамен толықтырылсын:

"88-1) Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары болып табылатын куәландырушы орталықтарды аккредиттеу;"

89), 93) және 94) тармақшалар алып тасталсын;

98-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"98-1) ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларын тіркеу қағидаларын бекіту;"

101) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"101) Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапының электрондық цифрлық қолтаңбаның төлнұсқалығын растау қағидаларын бекіту;"

мынадай мазмұндағы 101-1) тармақшамен толықтырылсын:

"101-1) Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығының, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығының, Қазақстан Республикасының ұлттық куәландырушы орталығының және Қазақстан Республикасы сенім білдірілген үшінші тарапының қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;"

108) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"108) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша ақпараттық жүйелердің аудитін жүргізу қағидаларын бекіту;"

109) тармақша алап тасталсын;

118) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"118) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша "электрондық үкіметтің" архитектурасын дамыту жөніндегі талаптарды бекіту;"

120) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"120) "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларын бекіту;"

мынадай мазмұндағы 120-1) тармақшамен толықтырылсын:

"120-1) "электрондық үкіметтің" сыртқы шлюзінің жұмыс істеу қағидаларын және оған қойылатын техникалық талаптарды бекіту;"

125) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"125) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша " электрондық әкімдіктің" үлгілік архитектурасын бекіту;"

128) және 129) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"128) бюджетті жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік органдар үшін ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметтердің құнын есептеу әдістемесін бекіту;

129) мемлекеттік органдардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану жөніндегі қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесін әзірлеу және бекіту;"

мынадай мазмұндағы 129-1) тармақшамен толықтырылсын:

"129-1) электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалауды жүргізу;"

136) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"136) "электрондық үкіметтің" сервистік интеграторы әзірлеген ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметті жобалауға арналған тапсырманы бекіту;"

мынадай мазмұндағы 136-1) және 136-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"136-1) ақпараттандырудың сервистік моделі жөніндегі мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылуына мониторингті, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру кезеңінде міндеттемелердің орындалуына мониторингті жүзеге асыру;

136-2) ақпараттандырудың сервистік моделі жөніндегі мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын қоспағанда, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының конкурстық құжаттамасына, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі тікелей келіссөздер кезінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына бизнес-жоспарға салалық қорытынды беру;"

137) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"137) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін және сервистік бағдарламалық өнімдерді құру немесе дамыту кезінде стандартты шешімдер ретінде көп рет пайдалануға жататын ақпараттық жүйелердің (немесе олардың бөліктерінің) тізбесін бекіту;"

мынадай мазмұндағы 137-1) тармақшамен толықтырылсын:

"137-1) сервистік интегратор қалыптастырған ақпараттандырудың сервистік моделі жөніндегі мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін келісуді жүзеге асыру;"

142) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"142) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін құруға немесе дамытуға арналған техникалық тапсырмаларды жасау және қарау қағидаларын бекіту;"

151) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"151) мемлекеттік заңды тұлғалардың ақпараттық жүйелерін және мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыруға арналған мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерді құруға немесе дамытуға арналған техникалық тапсырмаларды келісу;"

184) тармақша алып тасталсын;

17-тармақта:

18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"18) мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының электрондық архивін қалыптастыру;"

мынадай мазмұндағы 29-1), 33-1) және 35-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"29-1) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар анықталған кезде ұйғарымдар беру;

"33-1) Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасының талаптарын бұзушылық анықталған кезде ұйғарымдар беру;"

"35-1) радиоәуесқойлық қызметтердің радиоэлектрондық құралдары мен жоғары жиілікті құрылғыларын қоса алғанда, радиоэлектрондық құралдарды және (немесе) жоғары жиілікті құрылғыларды пайдаланудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаларды қабылдау;"

36) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"36) Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдар және (немесе) жоғары жиілікті құрылғылар үшін радиожіілік спектрін пайдалануға рұқсаттар беру;"

44) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"44) азаматтық пайдаланушыларға жиіліктер белдеуін, радиожіілікті ( радиожіілік арнасын) бөлу, иелікке беру (тағайындау), шақыру сигналын иелікке беруді қоса алғанда, кеме станциясына рұқсаттар беру;"

46) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"46) радиоэлектрондық құралдарды және (немесе) жоғары жиілікті құрылғыларды пайдаланудың басталғаны туралы хабарлама болмаған және (немесе) техникалық сипаттамалары белгіленген нормаларға сәйкес келмеген жағдайда, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды өшіру";

мынадай мазмұндағы 74-1) тармақшамен толықтырылсын:

"74-1) Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының талаптарын бұзушылық анықталған кезде ұйғарым беру";

79) және 80) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 80-1) және 85-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"80-1) мемлекеттік органдардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану жөніндегі қызметінің тиімділігін бағалау";

"85-1) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар анықталған кезде ұйғарымдар беру";

88-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"88-1) радиоэлектрондық құралдарды, жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу қағидаларын және байланыс қызметтерін көрсету қағидаларын әзірлеу";

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*